



010000, Астана қаласы,
Дінмұхамед Қонаев көшесі, 31 ғимарат
тел.: 72-05-18, факс: 72-05-16
2022 жылғы _____
№ _____

010000, город Астана,
улица Динмухамеда Кунаева, здание 31
тел.: 72-05-18, факс: 72-05-16
« _____ » _____ 2022 г.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТТАРЫ,
«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ
ФРАКЦИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ
Т.С. АДАМБЕКОВКЕ
Е.С. БЕЙСЕНБАЕВҚА

2022 жылы 30 қарашадағы № ДС-350 хатқа

Құрметті Тілектес Серікбайұлы!
Құрметті Елнұр Сабыржанұлы!

Жоғарыдағы хатыңызды қарастырып, қойылған сұрақтарға жауап беру мақсатында келесіні хабарлаймыз.

I. Шетелдегі қазақстандық елшіліктердің студенттермен жұмыс жасауын жүйелі түрде пысықтауды және қазақ мәдениеті мен руханиятын, тілі мен ғылымын өзге елдерге сапалы насихаттайтын **«Қазақ мәдени орталықтарын» ашуды жүйелі жалғастыру мәселесі бойынша:**

Қазіргі әлемде өз елінің ұлттық мәдениетін, дәстүрлері мен құндылықтарын насихаттайтын шетелдік ұлттық мәдени орталықтар (бұдан әрі – ҰБО) үлкен танымалдыққа ие. Олар өз қызметін қоғамдық бірлестіктер, жеке бастамалар шеңберінде тікелей мемлекеттік патронажымен жүзеге асырады.

Қазақстандағы шет елдердің «Британ Кеңесі» (Ұлыбритания), «Француз Альянсы» (Франция), «Гете институты» (Германия) және т. б. ұлттық мәдени орталықтарының аналогы – ол «Отандастар қоры» КеАҚ (бұдан әрі - Қор), оның мақсаттары мен міндеттері мәдени орталықтардың міндеттерімен негізінен сәйкес келеді.

Қордың жанынан «Abai Uii» қазақ мәдени-іскерлік үйі (бұдан әрі - «Abai Uii») жобасы іске асырылып жатқанын атап өткен жөн.

Анықтама: 7 елде 8 «Abai Uii» ашылған - Омбы қ. (Ресей), Ташкент қ. (Өзбекстан), Бішкек қ. (Қырғызстан), Ыстамбұл қ., Аланья қ. (Түркия), Киев қ. (Украина), Берлин қ. (Германия), Горган қ. (Иран).

Алайда, қазіргі таңда бұл бағыттағы жұмыс неғұрлым маңызды мәнге ие болғанын ескере отырып, шетелде қазақстандық мәдени-гуманитарлық орталықтарды (бұдан әрі-ҚМГО) жүйелі түрде құру қажеттігі пайда болды.

Осы тұрғыда, Президент Әкімшілігі және Премьер-Министрі Кеңесінің бақылауында Ресей Федерациясында, Түркияда және Қытай Халық Республикасында қазақстандық мәдени-гуманитарлық орталықтарды құру бойынша 3 тапсырма тұр. Қазіргі уақытта осы орталықтар бойынша үйлестіруші орган анықталмағанын хабарлаймыз.

Мақсаты мен міндеттері Қазақстанның мәдени мұрасын, дәстүрлерін, құндылықтарын, сондай-ақ шетелдегі қазіргі өмірін дәріптеу, болу елімен мәдени-гуманитарлық, ақпараттық, ғылыми-білім беру байланыстарын нығайту және кеңейтуге бағытталған шетелдік ҰБО-ға ұқсас қазақстандық мәдени-гуманитарлық және ақпараттық орталықтар желісін құру туралы мәселе талқылануда.

Аталған мәселені талдау барысында, бізде еліміздің мәдениетін, дәстүрі мен құндылықтарын шетелде ілгерілетумен жүйелі түрде айналысатын, ұлттық мүдделер тұрғысынан Қазақстанның жетістіктері мен жетістіктері туралы хабар тарататын толыққанды құрылым жоқ.

Осы мәселені шешу үшін шетелде Қазақстанның мәдени-гуманитарлық, ақпараттық және имидждік саясатын іске асыру үшін бір плацдармға айналатын қазақстандық мәдени-гуманитарлық және ақпараттық орталықтар желісін құру қажеттілігі туындауда.

Бұл ретте, ҚМГО-ны құру мемлекеттің елеулі шығындарымен, жаңа заңды тұлға ашудың күрделі рәсімдерімен және әрбір жеке елмен үкіметаралық келісімдерге қол қоюмен ұштасатынын атап өту қажет.

Қордың ұсынысы бойынша әр елде жекелеген заңды тұлғаларды құрудың орнына «Отандастар» қорының өкілеттіктері мен мақсатты аудиториясын кеңейту және Қордың негізінде ҚР СІМ қамқорлығымен ҚМГО ашу бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылады.

СІМ өз кезегінде шетелде ҚМГО-ны құрудың тұжырымдамалық тәсілдерінің жобасын әзірледі.

II. Мемлекеттік деңгейде шетелдегі қазақстандық студенттердің құқықтарын қорғайтын, олардың рухани, мәдени дамуы үшін жан-жақты қолдау көрсетіп, қазақ жастарын біріктіріп жүрген ұйымдармен байланыс орнату арқылы, оларды бір арнаға тоғыстыратын жұмыс жасау бойынша:

«Қазақстан Республикасының жастарын қолдау жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №918 қаулысына сәйкес аталған жоспардың 37-тармағы «шетелде тұратын және оқитын қазақстандық жастарды шоғырландыру жөніндегі жобаларды іске асыру» бойынша тұрақты жұмыс жалғасуда. Жоғарыда аталған жоспардың басты мақсаты - шетелде тұратын және оқитын қазақстандық жастарда отансүйгіштікті, ұлттық сананы, ел тағдырына бірлік пен қатыстылық сезімін қалыптастыру болып табылады. Әр шет елде қандай да бір жолмен жастарды шоғырландыру мақсатында жұмыс істейтін ұйымдар бар, негізінен бұл студенттер қауымдастықтары. Мысалға:

АҚШ-та: «Kazakh American Association»; «Kaz Community USA»

Германияда: «KazAlliance in Germany»; «Kazakhstan Student Association in Germany»

Францияда: «Қазақстанның Жас Достар Альянсы»; Пурдю, Вест-Лафайеттегі қазақстандық студенттер қауымдастығы

Чехияда: «Тарлан» қазақстандық жастар бірлестігі

Мажарстанда: «Бірлік» студенттер қауымдастығы

Түркияда: «Kaz Unity»

Ресейде: «Ресейдегі қазақстандық студенттер бірлестігі»

Оңтүстік Кореяда: «Қазақстандық студенттер қауымдастығы»

Уэльсте: «Кардиофф қазақ қоғамы»

Гонконгта: «QazSociety»

Қазақстан Республикасының Елшіліктері мен Консулдықтары жоғарыда аталған бірлестіктермен тығыз байланыста.

Мәселен, ү.ж. 3 желтоқсанда ҚР-ның ГФР-дағы Елшілігі Германияда оқып жүрген «Kazakhstan Student Association in Germany» қазақстандық студенттер қауымдастығымен бірлесіп 9-шы студенттік форумды ұйымдастырды. Форум аясында ҚР ГФР-дағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Н. Онжанов жас қазақстандықтармен еліміздің заманауи дамуын, бар сын-тегеуріндерді және оларды шешу үшін сапалы білім алудың маңыздылығын талқылап, өскелең ұрпақтың өз елінің өркендеуіне қалай үлес қоса алатыны туралы пікір алмасты.

ҚР Гонконгтағы Бас консулдық қызметкерлері ү.ж. 12 қарашада ҚР азаматтарымен, оның ішінде Гонконг қаласының университеттерінде білім алып жатқан қазақстандық студенттермен кездесу өткізді. Кездесу барысында азаматтарға Қазақстанда жүргізіліп жатқан маңызды іс-шаралар мен өзгерістер туралы егжей-тегжейлі ақпарат берілді. Сондай-ақ, «QazaqSociety» (*Бас консулдықпен құрылған*) студенттер қауымдастығының өкілдері жаңадан келген студенттерге Гонконг университеттерінің оқу үдерісімен, түрлі мәдени және спорттық іс-шараларды өткізу бойынша жоспарларымен бөлісті.

Жыл басынан бері «Наурыз мерекесі», 5 маусымдағы Республикалық референдум және 20 қарашадағы ҚР Президентінің кезектен тыс сайлау сияқты маңызды іс-шараларды өткізу аясында қазақстандық жастарды тарту арқылы оларды біріктіріп, патриоттық және отансүйгіш сезімдерін күшейту бойынша барлық ҚР шет елдердегі мекемелер жұмыс атқаруда.

2021 жылдың қазан айында «Болашақ» қауымдастығы әлемнің түкпір-түкпірінде оқитын қазақстандық жастарды біріктіру мақсатында 1000-нан астам шетелде оқитын қазақстандықтардың қатысуымен Қазақстанның шетелдік студенттік ұйымдарының ауқымды құрылтайын өткізді. 12 қараша күні онлайн форматта Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Қазақстанға оралудың Топ-5 себебі» тақырыбында диалог алаңы ұйымдастырылды. Алаңның спикерлері табысты жас қазақстандықтар, шетелдік жоғары оқу орындарының түлектері болды.

Қорытындылай келе, шетелде студенттермен тұрақты түрде байланыс орнатылып, консулдық есеп жүргізіледі. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерінде жастармен жеке топтар құрылып, олар арқылы студенттер қажетті ақпаратты жедел түрде ала алады. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері қазақстандық жастарға қажетті консулдық-құқықтық көмек көрсете отырып, өз мүмкіндіктері шеңберінде жан-жақты қолғабыс көрсетуде.

МИНИСТРДІҢ м.а.

Қ. ОМАРОВ

*Орынд.: А.Аубакиров,
Тел.: 72-01-73*



БҰЙРЫҚ

2022 ж. 8 желтоқсан № 24-1-26/532-жес
Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

Министрдің міндеттерін атқару туралы

2022 жылғы 19 – 22 желтоқсан кезеңінде Лондон қаласында (Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі) өтетін Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы стратегиялық әріптестік жөніндегі диалогтың кезекті отырысына және 23 – 24 желтоқсанда Токио қаласында (Жапония) өтетін «Орталық Азия + Жапония» диалогы Сыртқы істер министрлерінің 9-шы отырысына қатысу үшін жол жүруіме байланысты «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 38-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

2022 жылғы 19 – 26 желтоқсан кезеңінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндеттерін уақытша атқару Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Қайрат Ермекұлы Омаровқа жүктелсін.

Министр



М. Тілеуберді